

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАУЛЫСЫ**

2022 жылғы 25 мамыр

Нұр-Сұлтан қаласы



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВЛЕНИЯ**

№ 46

город Нур-Султан

**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының
инвестициялық декларациясын бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының
2020 жылғы 24 ақпандағы № 10 қаулысына
өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық декларациясын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 24 ақпандағы № 10 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық декларациясында:

10-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасы Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес зейнетақы активтерін инвестициялаудың негізгі бағыттарын айқындайды. Қазақстан Республикасының Үкіметі зейнетақы активтері есебінен инвестициялауға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесін бекітеді;»;

40-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«40. Дамыған елдер облигацияларының қосалқы портфелі үшін эталондық портфель ICE VofA 1-10 year US Treasury Index (G502) индексі болып табылады.»;

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«48. Корпоративтік облигациялардың қосалқы портфелі үшін эталондық портфель ICE VofA Q980 Custom Index индексі болып табылады.»;

58-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«58. Дамушы елдер облигацияларының қосалқы портфелі үшін эталондық портфель ICE VofA Q979 Custom Index индексі болып табылады.»;

68-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«68. Активтерді активті басқару шеңберінде акциялардың қосалқы портфелі үшін эталондық портфель Morgan Stanley Capital International компаниясы жасайтын әлемнің дамыған елдері компанияларының акцияларынан тұратын Custom MSCI World Index индексі болып табылады.

Активтерді пассивті басқару шеңберінде акциялардың қосалқы портфелі үшін эталондық портфельдер мынадай индекстер:

активтерді пассивті басқарудағы акциялардың қосалқы портфелінің 100 (бір жүз) пайызға дейінгі үлесімен Custom MSCI World Index;

активтерді пассивті басқарудағы акциялардың қосалқы портфелінің 10 (он) пайызына дейінгі үлесімен Custom MSCI World Minimum Volatility Index;

активтерді пассивті басқарудағы акциялардың қосалқы портфелінің 20 (жиырма) пайызына дейінгі үлесімен Custom MSCI World Quality Index;

активтерді пассивті басқарудағы акциялардың қосалқы портфелінің 20 (жиырма) пайызына дейінгі үлесімен Custom MSCI World ESG Leaders Index болып табылады.».

2. Монетарлық операциялар департаменті (Н.А. Тұрсынханов) осы қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мүдделі бөлімшелеріне жіберсін.

3. Осы қаулы¹ қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.М. Молдабековаға жүктелсін.

Төраға

Ғ.О. Пірматов

Дұрыс:
Бас маман-Басқарма хатшысы

Ж.Мұхамбетова

¹ «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының инвестициялық декларациясын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 24 ақпандағы № 10 қаулысына өзгерістер енгізу туралы